

№79 негізгі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 2 мамыр күні педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысқаны: 25

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы орта білім беру ұйымдарындағы оқу жылының аяқталу мерзімі, сондай-ақ, білім алушылардың қорытынды аттестациядан өткізу мерзімдері туралы

Хабарламашы: А. Берсүгірова.

2. Білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің 5-8 сыныптарда аралық аттестаттау туралы

Хабарламашы: А. Берсүгірова. О. Қуатбаева

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша №79 негізгі мектебінде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру мен өткізу жайлы

Хабарламашы: Н. Ахметов

Күн тәртібі бойынша бірінші мәселе 202-2024 оқу жылындағы орта білім беру ұйымдарындағы оқу жылының аяқталу мерзімі, сондай-ақ, білім алушылардың қорытынды аттестациядан өткізу мерзімдері туралы оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары А.Берсүгірова мәлімдеме жасады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының аяқталу мерзімі және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдері туралы түсіндірме жұмыстары өткізілді. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының аяқталу мерзімдері айқындалды, 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда.

Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді. 9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері 9 –сынып оқушылары үшін:

1. қазақ тілі тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;
2. математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
3. қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;
4. таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым болып бекітілген.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мектепшілік бұйрығын шығарып, кезекшілік кестесі бекітіледі. Емтиханға дайындық кестесі және емтихан кестелері «Емтихан бұрышына» шығарылып жұмыстар жасалады.

Күн тәртібі бойынша екінші мәселе 202-2024 оқу жылындағы «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің 5-8 сыныптардағы аттестаттау туралы оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары А.Берсүгірова мәлімдеме жасады.

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

1. Аралық аттестаттау мақсаты - білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес бағалау.

2. Аралық аттестаттаудың міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

Негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
2. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы.

5.

3. Емтиханды өткізу талабы.

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады (27-31 мамыр аралығында 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізу ұсынылады).

4. Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8, 10-сыныптарда өткізілетін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен жас жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден

ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

7. Эсседегі тапсырмалардың қиындығы: әр сыныптың жас ерекшелігіне сай берілген.

8. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: (тыңдалым, айтылым) оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

9. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты – 90 минутты құрайды. Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

10. Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау: Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін оқушы жиынтық балл (5 балл) жинайды.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады (27-31 мамыр аралығында 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізу ұсынылады).

7. Күнделікке емтихан бағасын қою кезінде 30 балдық жүйеге ауыстырылады.

8. Емтиханның аяқталу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сай хаттама толтырылады.

5-8 -сыныптарда аралық аттестаттау өткізудің мектепшілік бұйрығын шығарып, кезекшілік кестесі бекітіледі. Емтиханға дайындық кестесі және емтихан кестелері «Емтихан бұрышына» шығарылып жұмыстар жасалады.

Күн тәртібі бойынша үшінші мәселе 2023-2024 оқу жылындағы №79 негізгі мектебіндегі балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру мен өткізу жайлы әлеуметтік педагог Н. Ахметов мәлімдеме жасады.

№ 79 негізгі мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-Ү санды « Еңбек кодексі» 127 бабы бойынша 2023-2024 оқу жылының жаз мезгілінде мектеп жанынан 1-4, 5-6 сынып оқушыларынан қамтылған (тамақпен) I- топ « Балдәурен», II-топ « Балдырған», III- топ « Жас өрен» (тамақсыз) тынығу лагері 2024 жылдың 01-10. 06 аралығында ұйымдастырылып, іс-шара жоспары жасалынып, уақыты 09.00-13.00 аралықта белгіленді. Мектеп жанындағы тегін күндізгі лагеріне жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған мүгедек, даму мүмкіндігі шектеулі балалар, көпбалалы, тұрмысы төмен, экологиялық қолайсыз аймақтарда тұратын балалар мен мектептегі үздік оқушыларды қатыстыруды қамтамасыз ету мақсатында мектепте комиссия құрылды.

1. Бегежанова Р- кәсіподақ кеңесінің төрағасы, ком. төрағасы
2. Нақыпова К- ТЖО, ком. мүшесі
3. Саруаров Қ- педагог-психолог, ком. мүшесі
4. Бисенова А.- бастауыш сынып бірлестігі жекпісі, ком. мүшесі.
5. Бейісова Г- тәлімгер, ком.мүшесі
6. Көшпан Н- қамқоршылық кеңесі мүшесі, ком. мүшесі
7. Қарымсақова А- ата-ана ком мүшесі, ком. мүшесі

Мектеп жанындағы жазғы күндізгі тынығу лагерінің директоры болып бастауыш сынып мұғалімі А. Ермашова болып тағайындалды. Тамақпен « Балдәурен» тобына А. Тұңғышбаева, И. Байқазақова бекітілсе, « Балдырған» тобына жауапты тәрбиеші болып, А. Бисенова, П. Нұртаева және « Жас өрен» тобына жауапты болып Н. Жолдыбаева, С. Өтепова болып бекітілді.

Тамақпен І-топ «Балдаурен» тобына аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасы балдарынан санаты бойынша 2 санаттағы 11 бала жасақталып бекітілді.

Тамақсыз күндізгі тынығу лагерінде тынығатын балалар:

II-топ «Балдырған» тобында тынығатын оқушылар 14 –бала

III- топ «Жас өрен» тобында тынығатын оқушылар 13 – бала.

2023-2024 оқу жылының жазғы демалыс мезгілінде балалардың тазалық, әлеуметтік дене бітімі жағынан шығармашылық дамуы және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында 8- 9 сынып оқушыларынан жұмыс жоспары жасалынып, «Абаттандыру, көгалдандыру» тобы құрылып, оған дене шынықтыру мұғалімі Е. Ержанов бекітілді.

Сонымен бірге мектеп жанынан 7 сынып оқушыларынан құралған «Еңбек бригадасы» құрылып, жетекшісі Г. Бейісова болып бекітілді.

Кесте бойынша 5-6 сынып оқушыларынан «Жас толқын» аулалық клуб құрылып, жұмыс жоспары жасалынып, жетекшісі С. Сүлейменова болып бекітілді.

7-9 сынып оқушыларынан кестеге сәйкес «Ұшқыр ой» алаңы құрылып, жетекшісі Р. Бегежанова бекітілді.

2023-2024 оқу жылының соңында № 79 мектеп бойынша 7 оқушы сыртқы тынығу лагеріне демалатын болып, аудандық білім бөліміне ұсыныс берілді. Сыртқы лагерге демалатын оқушылар аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасыларынан шыққан. Қорыта келгенде жазғы тынығу лагеріне 100 пайыз оқушылар қамтылды.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылындағы орта білім беру ұйымдарындағы оқу жылының аяқталу мерзімі, сондай-ақ, білім алушылардың қорытынды аттестациядан өткізу мерзімдері жоспарға сәйкес, уақытылы жүзеге асырылсын;
2. Білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің 5-8 сыныптарда аралық аттестаттау тәртібі талапқа сай өткізілсін;
3. 2023-2024 оқу жылы бойынша №79 негізгі мектебінде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру ерекше назарға алынып, іс-шаралар жоспарға сай жүзеге асырылсын.



Хатшы:

[Handwritten signature]
[Handwritten signature]

С. Әбікенова

С. Өтепова